Царское правительство и местная военная администрация делали все для того, чтобы обескровить Кенесары, силой оружия поставить на колени и добиться признания того, что казахские земли – неотъемлемая собственность Российской империи. С такой постановкой вопроса Кенесары согласиться не мог. Они видели в Кенесары удачливого и гибкого политика, отмечали его прозорливость, считая, правда, что умом все-таки он уступает своему прославленному деду Абылай-хану, зато превосходит его и других неукротимой энергией. Энергия «мятежного султана» и в самом деле была замечательна. Он сумел за короткое время организовать столь сильное ополчение, что с ним вынуждено было считаться все «окружение»: царское самодержавие, кокандские беки, киргизские манапы, довольно сильные внутренние враги. Самым грозным противником было российское правительство, решившее провести против объявленного вне закона «степного разбойника» крупномасштабную борьбу.

Для умирения восставших царизм использует силу

военного оружия, активно привлекая к подавлению движения регулярные войска, а также сибирское и линейное казачество. Хорошо организованные, мобильные казачьи войска Российской империи умело применяли различные тактические приемы в ходе борьбы с восстанием Саржана и Кенесары Касымовых. Руководимые опытными атаманами, казаки к началу XIX в. представляли собой грозную военную силу. Подавляя сопротивление других кочевых народов, к 20-м годам XIX века казачьи войска умело овладели приемами организации военных действий в сложных климатических условиях степи.

О Кенесары Касымове как о мужественном человеке и талантливом военачальнике отзывались и некоторые представители российского офицерства, его современники. Так, с уважением и сочувствием к нему относились подполковник Российского Генерального штаба М. Красовский и оренбургский военный губернатор В. Перовский. Поражаясь кипучей энергии и организаторскому таланту Кенесары, В. А. Потто сравнивал его с Шамилем, а Семенов Тянь-Шаньский – с понтийским царем Митридатом VI Евпатором, который вступил в войну с Римом. Е. Бекмаханов отмечает: «Кенесары с юных лет отличался смелостью и отвагой. Будучи юношей, он заявил однажды своим сверстникам: «Я никогда не оставлю своего батырства и умру, совершив чудеса храбрости». Впоследствии Кенесары действительно стал отважным батыром и полководцем. Историк Смирнов, характеризуя его в

зрелые годы, писал: «Красиво одетый в бархатный бешмет с полковничьими эполетами на плечах, со знаменосцами позади, Кенесары скакал всегда впереди своих скопищ».

К 1840-1841 годам Кенесары сумел собрать 20-тысячное войско и стал на равных сражаться с регулярными царскими отрядами. Ополчение Кенесары представляло собой хорошо организованную армию, разделенную на боевые единицы – отряды. Во главе их стояли подлинные народные вожаки, батыры. В отрядах царили дисциплина и порядок, одухотворенность высокой идеей, что делало армию Кенесары внушительной силой. Причем она была подготовлена как к скоротечным столкновениям с вражескими группировками, так и к затяжным боям с ними. В армии Кенесары были введены и воинские знаки отличия. Сам он носил голубой мундир с эполетами русского полковника. Рядовые воины имели на обмундировании зеленые нашивки, сотники и тысяцкие – красные. Даже юрту, где проводились военные советы, Кенесары называл штабом.

Войска Кенесары делились на сотни и тысячи. Кроме них были мерген-баши – начальники особых отрядов отличных стрелков, куда входили джигиты, в совершенстве владевшие своим оружием и метко стрелявшие по целям. Надо сказать, что такой порядок управления войсками существовал во всех среднеазиатских государствах еще со времен Чингисхана. Живучесть такой системы управления, по всей вероятности, объясняется характером степной войны, с ее своеобразными методами ведения боевых действий.

«Так, все его джигиты были относительно прекрасно вооружены и разделены на части или отряды, которыми командовали ближайшие его родственники, преимущественно султаны тех родов, из которых были составлены командующие ими части, что, конечно, согласовывалось с духом киргизского народа, привыкшего видеть в своих султанах, так сказать, прирожденных своих родоприветелей, – последнее обстоятельство, со своей стороны, способствовало установлению некоторой своеобразной дисциплины в полчищах Кенесары», – отмечает Н. Серета. Отсюда следует, что система комплектования повстанческих войск осуществлялась по родовому признаку.

Е. Бекмаханов в своей монографии пишет: «Кенесары впервые ввел регулярное обучение военному делу. Часть его воинов постоянно обучалась военному искусству. Как заявил в своем показании, данном Оренбургской Пограничной Комиссии, бий Чукмар Бактыбаев: «200 человек обучаются управлять оружием и пехотному положению». Военному делу повстанцев обучали присоединившиеся к восстанию беглые русские солдаты и башкиры. Существование постоянного лагеря для обучения сарбазов Кенесары отмечал приезжавший для переговоров с ним представитель киргизских манапов Калигул. Он писал: «Около тысячи джигитов обучались меткой стрельбе, отдельные группы джигитов тренировались в рубке, а другие овладевали искусством пикирования».

То же самое о военной



организации войска Кенесары-хана пишет Н. Серета: «Все меры предосторожности от нечаянного нападения, как то пикеты, разъезды, лазутчики и т. п. были приняты султаном Касимовым. Вообще было видно, что мятежник Кенесары приготовился к упорной и продолжительной борьбе».

Особое внимание было уделено борьбе за строжайшую воинскую дисциплину. Всякое нарушение ее жестоко наказывалось. За измену Кенесары карал смертной казнью. О дисциплинированности войск Кенесары свидетельствует также султан-правитель Ахмет Джанторин. В своем донесении от июня 1845 года генерал-губернатору Обручеву он писал: «Только стоит Кенесары сесть на коня и сказать слово, то с неимоверною быстротою люди бывают уже готовы и вооружены на лошадях».

Его лагерь всегда был в состоянии полной боевой готовности. Это специально отмечается в донесении Долгова, где говорится: «Беспечность, высказываемая Кенесарой, притворна, что обнаруживает его непрерывная бдительность и предосторожность. Ставка его имеет всегда вид временного лагеря, ожидающего всякую минуту нападения или погони».

Правда, состав войск Кенесары был подвижным и переменчивым. Их покидали одни племена и роды, на их место приходили другие. Все зависело от того, чьи интересы и как представлял на том или ином этапе восстания Кенесары, от соотношения сил в ходе боев. Понимая, как важно упрочить свой авторитет в Степи, заставить людей поверить и

пойти за собой, Кенесары со своими отрядами решил взять штурмом форпост царской России в казахских пределах – Акмолинскую крепость. Благодаря применению хитроумной и гибкой тактики это удалось. Крепость была превращена в дымящиеся развалины, а влияние Кенесары значительно возросло.

Отряд Кенесары Касымова составляли казахи Алтаевской, Туртугульской, Айткожа-Карпыковской, Теналы-Карпыковской, Тобет-Темешской, Алике-Алтаевской, Таминской, Алшин-Жагалбайлинской и Малай-Калкамановской волостей. Даже этот простой перечень географических координат места жительства, восставших свидетельствует о масштабах и степени недовольства казахского населения и общем духе сопротивления в степи.

Благодаря такой организации отрядам Кенесары-хана неоднократно удавалось достичь успеха в боях с хорошо организованными и вооруженными силами противника:

- в 1837 разгром отряда хорунжего Рытова;
- 26 мая 1838 года разгром Акмолинского приказа;
- 20-21 июля уничтожение отряда под командованием султан-правителя Ахмета Джанторина;
- 14 августа 1844 штурмом взята крепость Екатерининская;
- октябрь-ноябрь 1844 года штурмом взяты крепости Джана-Курган, Жулек, Сузак.

Из вооружения в основном использовалось холодное оружие, но имелось и огнестрельное. Сарбазы Кенесары были вооружены саблями, пиками, айбалтами (секирами), фитильными ружьями, при нескольких

пушках. Оружие основных сил хранилось в специальных подвижных арсеналах – так называемых «кунак-хана» (оружейных палатах), помещавшихся в строго охраняемых кибитках. В 1845 году таких арсеналов при ставке Кенесары было семь. Перед каждой операцией из них выдавалось оружие участникам похода, а по возвращении вновь сдавалось, как казенное имущество. Сабли, ножи, пики изготовлялись на месте, но большая часть добывалась в качестве трофеев в боях или покупалась.

Поручик Герн во время своего пребывания в лагере Кенесары заметил: «Султан, во время бытности моей в аулах его, приказал собрать с каждой кибитки по одному тагану и по одной мотыге с тем, чтобы башкирец сей из этого железа сделал ему пушку; работу эту предполагают производить в песках Тусун, богатых дровяным материалом».

Продовольственным обеспечением войск Кенесары занимались специальные отряды, которые собирали зякет с подвластных ему родов, а также отбарантованным имуществом у тех родов, которые не признавали его ханом. Кроме этого, в лагере Кенесары были свои маркитанты в лице Хусейна и Мусы Бурнаевых.

Для подавления национально-освободительного движения казахского народа в 1837-1841 годах действовали крупные и хорошо вооруженные отряды под командованием офицеров Сибирского казачьего войска Симанова, Горского, Панкова, Спиридонова, Волкова, Лебедева, Реброва, Бутакова, Мальчуского. Ни одному из этих карательных отрядов не

удалось прекратить народные волнения, однако все они, без исключения, возвращались назад с богатыми трофеями. Возможность обогащения стимулировала казаков на дальнейшую борьбу.

Несмотря на несостоятельность разрозненных казахских родов и племен перед динамичным и всесторонне организованным продвижением русского оружия вглубь Казахстана, Кенесары Касымову на протяжении длительного времени удавалось вести непрерывную борьбу с казаками.

В период наивысшего подъема восстания (1842-1847 гг.) против Кенесары Касымова боролись хорошо вооруженные отряды сибирских казаков под начальством Рыбина, Жемчужникова, Нюхалова, Казачинина, Карбыщева, Абакумова. Помощь карателям оказывали некоторые казахские султаны: Чингиз Уалиев, Болат Губайдуллин, Ерден Сандыбаев, Баймухамед Айшуаков, Ахмет Джанторин.

Кенесары тонко знал особенности стратегии и тактики в степи, учитывал физико-географические условия и многочисленные внешние и внутренние факторы. Он умело пользовался и междуособицами, и взаимной неприязнью царских чиновников. Будучи в подчинении сибирского губернатора Горчакова, Кенесары сумел обойти его и найти общий язык с оренбургским губернатором. Эти факты подтверждают события, связанные с боем объединенных сил полковника Дуниковского и казахских султанов против восставших. Царские отряды уже не могли, как прежде,



безнаказанно ходить в степь, были вынуждены считаться с возросшей мощью повстанческого войска. Используя партизанские методы борьбы с противником, Кенесары перешел к тактике широких и масштабных операций на огромном фронте военных действий и добился в этом впечатляющих успехов.

После предательского убийства отца и братьев Кенесары Касымов долгое время вынашивал планы мести и стал готовиться к войне за освобождение казахских земель от господства среднеазиатских ханств. В его планах в первую очередь стояла задача освобождения казахских родов, проживающих на юге Казахстана.

В 1841-1843 годы Кенесары предпринял ряд походов в Среднюю Азию. Он весьма умело воспользовался разразившейся войной между Бухарой и Кокандом. Поддержав Бухарского Эмира, за короткий срок отряды Кенесары приступом берут крепости Сузак, Сауран; окружают Туркестан. Ослабленный Коканд срочно просит мира и отказывается от притязаний на казахские земли.

Своего пика национально-освободительное движение Кенесары достигло в 1844-1845 годы. Волнениями к этому времени оказалась охвачена большая территория казахских степей. В мае 1844 года значительные военные силы были направлены для подавления восстания Кенесары. Их возглавляли полковник Лебедев, генерал Жемчужников, султан Б. Жантурин.

В своей инструкции командирам войск Талызин указывал: «Вы должны иметь единственную цель

– истребление разбойника Кенесары и возвращения откочевавших его частей».

Умело защищаясь, Кенесары отступил вглубь Каракумов. Затем, обманув ложным маневром царские войска, в июле этого года Кенесары окружил отряд Жантурина и разгромил его. Потери Жантурина были очень велики. В помощь Лебедеву и Жемчужникову были посланы отряды полковника Ковалевского. Но в это время Кенесары уже успел уйти в Мугоджарские горы. Войска были вынуждены вернуться назад. Но теперь колониальное управление принялось за строительство хорошо укрепленных крепостей.

Колониальная администрация, поняв, что имеет дело с очень хитрым и сильным противником, изменила тактику борьбы с восставшими. Перспектива затяжной войны, требующей значительных сил и средств, не устраивала ее. Царские власти направили к Кенесары посольство, которое, пытаясь разрешить ситуацию путем переговоров, в то же время предлагало ему условия, коих он заведомо не мог принять: казахскому хану отводилось ими весьма ограниченное жизненное пространство.

Бескомпромиссный Кенесары в ответ потребовал вернуть степнякам насильно захваченные у них земли и, убрав с них все русские военные укрепления, положить конец грабегам, насилию и бесчинствам. Переговоры зашли в тупик. Правительственные послы вернулись ни с чем.

Вооруженная борьба российского царизма с всеказахским ханом вступила во второй, решающий этап. Колониальная администрация не только не убрала военные укрепления из Степи, но

распорядилась построить новые. И они появлялись там, где совсем недавно пролегали казахские кочевья и мирно пасся скот. Кенесары вынужден оставить родную и любимую Сарыарку и отступил на землю Старшего жуза. Только в 1847 году, после трагической гибели последнего казахского хана, им удалось прекратить движение казахского народа под руководством Кенесары Касымова.

Таким образом, царизму, имевшему многочисленные, хорошо оснащенные и подготовленные вооруженные силы, так ни разу и не удалось в открытом сражении разбить Кенесары, уничтожить его военную силу. Повстанцев лишь вытеснили в районы Жетысу, где они были уничтожены военной коалицией в составе царских войск и дружин, киргизских манапов, а также части родоначальников Старшего жуза. Поэтому неудивительно, что они потерпели поражение. Несмотря на это, полководческие способности и мужество самого Кенесары Касымова – последнего казахского хана и его сподвижников достойны изучения и служат примером для молодого поколения.

Несмотря на то, что восстание Кенесары потерпело поражение, в истории национально-освободительной борьбы казахского народа оно занимает исключительное и выдающееся место. Это восстание казахов было самым крупным в XX веке, поднявшим на борьбу с царизмом большинство населения всех трех жузов. Оно охватило почти весь Казахстан и было одним из наиболее длительных, носило ярко выраженный антиколониальный массовый характер. Сыграло

прогрессивную роль в истории казахского народа, показав огромные силы сопротивления казахского народа, готового жизнью отстаивать свободу и независимость своей страны. Прогрессивным оно было и по тем политическим требованиям, которые выставлял Кенесары. В первую очередь это относится к его стремлению создать единое централизованное государство, преодолев межродовую вражду и феодальную разобщенность.

С детских лет Кенесары показывал стойкость духа и упрямство – черты характера истинного кочевника, султана. Судьба и сама жизнь уготовила и предопределила ему стать великим воином, талантливым полководцем, продолжившим дело деда и отца хана Аблая и султана Касыма. Он вписал свое имя в историю Земли Казахской как последний хан казахов – Кенесары Касымов, ведомый идеей независимости, сохранения казахской государственности и суверенного права Великой Степи, в чем он был бескомпромиссен.

Военное искусство Кенесары, сочетавшее стратегическую маневренную оборону с широкомасштабной партизанской войной в глубоком тылу противника, внезапными рейдовыми набегами на линии и укрепления, транспорт и коммуникации, являются богатейшим материалом военного искусства и нуждаются в дальнейшем изучении в высших военных учебных заведениях нашей страны в курсе истории Казахстана.

**Генерал-майор
Ж.Х.АХМЕТОВ,
доктор военных наук,
профессор**



АСТАНАДА АУҒАН СОҒЫСЫНАН ОРАЛМАҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

**КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ШЕКТЕУЛІ
КОНТИНГЕНТІН АДР-НАН
ШЫҒАРЫЛУЫНА 36 ЖЫЛ
ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ІС-
ШАРАЛАР АЯСЫНДА ЕЛОРДАДА
АУҒАНСТАНДА ҚАЗА ТАПҚАН
ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МЕМОРИАЛҒА ГҮЛ ШОҚТАРЫ
ҚОЙЫЛДЫ.**

Жыл сайынғы еске алу акциясына Ауған жауынгерлері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, генерал-майорлар Мүслім Даиров пен Марат Нағұманов, қалалық әкімшілік өкілдері, «Қазбат» жауынгерлік іс-қимылдары мен бітімгершілік операциялар ардагерлері одағы», «Қазполк» Ирактағы жауынгерлік іс-қимылдары

мен бітімгершілік миссиялар ардагерлері одағы, «Таулы Қарабақта этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан жауынгерлік іс-қимылдарының ардагерлері» қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, қаза болған жауынгерлердің туыстары мен әскери қызметшілер қатысты.



Жиналғандар қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Құрмет қарауыл ротасы мемориалға гүл шоқтарын қойды.

– Халық даналығы: «Ардагер кеңес бере алады, ал жастар – елдің үміті» дейді. Мұнда тұрған Ауған жауынгерлері алпыс жаста, Біз болашақ үшін біртұтас болуымыз керек. Жас ұрпаққа біз көрген және бастан өткерген нәрселер туралы айту керек. Өз Отанының тарихын білетін жастар өз еліне пайда әкелуге ұмтылатын болады, - деді Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев.

Сол күні ҚР Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында концерт өтті. Көрермендер

арасында Ауған жауынгерлері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, 68665 әскери бөлімінің әскери қызметшілері және Кеңес Одағының Батыры С.Нұрмағамбетов атындағы елордалық әскери колледждің ұландары болды.

Сахнадан Ауғандағы жаралы жылдарды елестетін әндер шырқалды.

Қонақтарды Ауғанстандағы соғыс тарихы фактілерімен таныстыру мақсатында Ұлттық әскери-патриоттық орталық залдарының бірінде қазақстандықтардың Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысуы туралы баяндайтын әскери-тарихи музей қорынан фотоаймақ және ақпараттық көрме ұйымдастырылды.





АУҒАНСТАН СОҒЫСЫНЫҢ АҚИҚАТЫ

ТАРИХТАН МӘЛІМ, 1979 ЖЫЛДЫҢ 25 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА КСРО ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ БЕРГЕН БҰЙРЫҒЫМЕН АУҒАНСТАНҒА КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІН КІРГІЗУГЕ ШЕШІМ ШЫҒАРЫЛДЫ. АЛ ОСЫДАН ОТЫЗ АЛТЫ ЖЫЛ БҰРЫН, ДӘЛІРЕК АЙТСАҚ, 1989 ЖЫЛДЫҢ 15 АҚПАНЫНДА КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІ АУҒАНСТАН АУМАҒЫНАН ШЫҒАРЫЛДЫ. ОН ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН БҰЛ СОҒЫСҚА ҚАЗАҚСТАННАН 22 МЫҢНАН АСТАМ ЖАУЫНГЕР ҚАТЫСТЫ. ОНЫҢ 889-Ы ҚАЗАҒА ҰШЫРАП, 30-ҒА ЖУЫҒЫ ХАБАР-ОШАРСЫЗ ЖОҒАЛЫП КЕТТІ. ЖӘНЕ ДЕ 3 МЫҢНАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҮГЕДЕК БОЛЫП ОРАЛДЫ.

САЯСИ АХУАЛДАН СОҒЫС ТҰТАНДЫ

Бүгінде сол бір қырғи қабақ соғыстың куәгерінің қайсысымен тілдеспеңіз, сол кездегі саяси ахуалды сөз қылатыны ақиқат. Өйткені шындығын айту керек, Кеңестер Одағы дәуірлеп тұрған тұста «Ленин көсем аз



ұлттарға теңдік алып берді» деген идеология салтанат құрып тұрды. Сондықтан да, КСРО-ның 1979 жылғы 12 желтоқсанда қабылданған Ауғанстанға әскер кіргізу туралы шешіміне қарсылық танытуға қауқар болған жоқ. КСРО мен КОКП-ның жетекшілері Л.И.Брежнев, Ю.В.Андропов, Д.Ф.Устинов, М.А.Сусловтар қазақтардың ойымен санасуы мүмкін емес болатын.

Есесіне, 1970 жылдары Ауғанстанда билікті төңкеріспен басып алу үйреншікті жайт еді. Мысалы, 1973 жылғы төңкеріс монархияны құлатып,

арнайы операциясы арқылы Хафизулла Аминнің көзін жойып, оның орнына Бабрак Кармальді қойды. Осы шешім елді екіге бөлді. КСРО үкіметтік күштерді, ал АҚШ, Қытай, Иран, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Мысыр, Израиль секілді елдер үкіметтік емес ұйымдарды қолдап, соғыс өртіне ұластырды.

ҚҰПИЯ ТҮРДЕ ШҰҒЫЛ ШЕШІЛДІ

Осылайша, Ауғанстан соғысы (1979-1989 жылдар) Кеңес үкіметінің Қарулы Күштері үшін, соның ішінде қазақстандық жауынгерлер



Ауғанстан республикасын құруға мүмкіндік әперді. 1978 жылы Ауғанстан республикасын құрған Мұхаммед Дауд отбасымен бірге өлтіріліп, билікке М.Тараки бастаған Ауғанстан коммунистік халықтық-демократиялық партиясы келді. Осы Тараки тұсында КСРО мен Ауғанстан арасы жақындасты. КСРО-ның ықпалымен Ауғанстан коммунистік ел болу жолына түсті. Бірақ, Таракидің билігін өзінің орынбасары Хафизулла Амин бір күнде төңкеріп тастап, КСРО-дан сырт айналды. Кеңестік империяға бұл ұнай қойған жоқ. 1979 жылы Мәскеу «Шторм-333»

үшін КОКП ОК Саяси бюросының Ю.Андропов, Д.Устинов, А.Громыко, Л.Брежнев сияқты санаулы ғана мүшелерінің, аяқ астынан құпия түрде қабылдаған шұғыл шешімінен басталды. Жоғарыда айтқандай, сол кезде Ауғанстанда билікке таласқан ресми үкімет пен оппозиция (можахедтер) арасында қарулы қақтығыстар басталған еді. Күрестің басты мақсаты Ауғанстан жерінде толықтай саяси бақылау жүргізу болды. КСРО Саяси бюросы КСРО-ның ықпалын кеңейту мақсатында Ауғанстанға қолұшын беріп, сыртқы агрессиядан қорғау керек



деген шешімге келеді. Сөйтіп Ауған елін басқарып отырған шах Хафизулла Аминді алып тастап, орнына Бабрак Кармальді отырғызу туралы идеясын күш көрсету арқылы жүзеге асырды. Осылайша, Кеңес Одағының әскерлері ұзақ жылдарға жалғасқан қарулы қақтығыстардың қақ ортасынан бір-ақ шықты.

Соғыстың тағы бір себебі – Ауғанстандағы социализм концепциясын жақтаушыларды қолдау болды. Америкалық әскери-экономикалық күштер Ауғанстанды КСРО ықпалынан шығарып алуға күш салды. Можاهدтерге АҚШ, НАТО-ға мүше Еуропа елдерінің кейбіреулері, Пәкістан, Қытай, Мысыр, Иран елдерінің әскери мамандары, арнайы қызметтері көп көмек көрсетті. Кабул

үкіметіне қолдау көрсету КСРО бюджетіне оңай түскен жоқ. Деректерге қарағанда, жылына 800 миллион АҚШ доллары бөлініп отырған. 40-армияны Ауғанстанда ұстау үшін және тактикалық ұрыстарға Мәскеудегі басшылар жыл сайын 3 миллиард долларға шығындалған.

АУҒАНСТАНҒА ӘСКЕР ЕНГІЗДІ

Ауғанстанға әскер енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында, КОКП ОК Саяси бюросының отырысында түбегейлі қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілген екен. Бұдан бес ай бұрын 105-әуе десанты дивизиясының 111-парашютті десант полкі Баграм қаласына





барып жайғасқан болатын. Бұл Кеңес Армиясының Ауғанстанға кірген алғашқы бөлімі еді. 12 желтоқсан күні Қазақстан мен Орта Азия республикаларында жасақталған «мұсылман батальоны», артынша екі күннен кейін Баграмға тағы бір батальон кірді. Осы үш батальонның көмегімен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) жекелеген кішігірім отрядтары «Шторм» операциясына кірісетін болып жоспарланды. Осылайша, 27 желтоқсан күні Аминнің сарайына шабуыл жасалды. Бірнеше қала можахедтерден тазартылды. Жаңа билік ауған жерінің барлығына үстемдігін жүргізе алған жоқ. Соғыстың ұзаққа созылуына бір жағынан осы себеп болды.

ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМГЕ КЕЛДІ

Бұл соғыстың абырой әпермейтінін Кеңес үкіметінің басшылары арада 3-4 жыл өткеннен кейін түсіне бастады. Бірақ «болары болып, бояуы сіңгеннен кейін», кеш түсінді. 1983 жылдың 19 мамырында Пәкістандағы елші В.Смирнов КСРО-ның Ауғанстандағы әскерлер контингентін алып шығуға мүдделі екендігін ресми түрде жариялады.

Саяси бюро осылайша, балшыққа кіріп алып,

енді былғанбай шығудың жолдарын іздестіре бастады. 1986 жылдың ақпанында болған КОКП XXVII съезінде



М.Горбачев әскерді кезеңге бөліп, ауған жерінен шығару жоспарын жасау керектігін мәлімдеді. 13 қарашадағы Саяси бюроньың отырысында Михаил Горбачев: «Біздің Ауғанстанда соғысып жатқанға алты жыл болды. Егер бұл іске басқаша келмесек, әлі 20-30 жыл соғысатын боламыз» деп мәселені көлденеңінен қойды. Оның сөзін Бас штабтың бастығы, маршал Ахромеев те қолдады: «Біз Кабулды, провинциалдық орталықтарды бақылауға алдық, бірақ басып алған жерлерімізге билік орната алмадық. Біз ауған халқы

үшін күресте жеңіліс таптық» деп ағынан жарылды. Сөйтіп, осы отырыста Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы келісілді.

АУҒАНСТАН АУМАҒЫНАН ШЫҒАРЫЛДЫ

Осылайша, Кеңес әскерлерінің жекелеген бөлімшелері 1988 жылдың 15 мамырынан бастап Ауғанстан аумағынан шыға бастады. КСРО тоғыз айдың ішінде әскерлерін бұл елден шығаруға міндеттеме алды. Бұл өте күрделі операция еді. 4 ақпан күні Кеңес Армиясының соңғы

бөлімі Кабулдан шықты. Ал 15 ақпанда 40-армияның

қолбасшысы, генерал-лейтенант Б.Громов Термез қаласында «Кеңес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты, артымда бірде-бір жауынгер қалған жоқ» деп басшылыққа баяндады. Алайда өзеннің арғы жағында қалған шекарашылар тағы үш ай бойы Ауғанстанда жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Мәскеу тарапынан Ауғанстаннан әскерлерді шығару туралы ешқандай ақпарат болған жоқ. Америкалық баспасөздің мәліметтері бойынша осы операция кезінде Кеңес Одағының 523 жауынгері мен офицері қаза тауып, қаншама адам тұтқында қалды. 40-армия шыққаннан соң да шабуылдаушы можахедтерге қарсы қиянкескі шайқастар болды. 1989 жылдың 23-26 ақпандағы «Тайфун» операциясы кеңес әскерлерінің Ауған жеріндегі он жылға созылған соғыстағы ең ақырғы ұрысы болды.

АУҒАН СИНДРОМЫ

Ауғанстандағы соғысқа қатысқан көптеген әскери қызметшілер бейбіт өмірге үйрене алмады. Қарулы қақтығыс аймағында болған адамдарда пайда болатын психологиялық ауытқушылықтарға тұрмыстық





проблемалар қосылды. Ауған соғысына қатысқандарды ол кезде жұмысқа қабылдамайтын, себебі олардың көрсеткен ерлігін ешкім елемей, қажеті жоқ деп есептеді. Қарулы қақтығысқа қатысқандарға сатқындық жасады деген айып тақты.

Ауған соғысына қатысқан көптеген әскерилер бұл қиыншылықтарға төзе алмай өз-өздеріне қол жұмсады. Ал жолы болғандардың криминалдық немесе жартылай криминалдық ортасы болды. Қаншама мәселелер болса да, ССРО кезінде әскерилерге арналған психологиялық көмек көрсету орталықтары болмады.

Ауған соғысында қаза тапқандардың нақты саны қанша екендігі әлі күнге дейін белгісіз. Кейбір деректерде 1 миллионға жуық деп көрсетсе, басқа бір деректерде қаза болғандардың саны 670 мың, ал қарапайым халықтың 2 миллионы қаза болған деп көрсетіледі.

СОҒЫС ҚАСІРЕТІ

Дегенмен, деректерді сөйлетсек, Ауған соғысы аяқталған жылы «Правда» газетіне соғыстағы адам шығынының жалпы саны жарияланды. Онда қаза тапқандар 13 833 адам деп көрсетілген. Көрсетілген адам шығыны жыл сайын көбейе түсті. 1999 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша ішінде майданда өлгендер, жарадан, аурудан, оқыс жағдайдан қайтыс болғандар, хабар-ошарсыз кеткендер бар, барлық қаза тапқандардың саны Кеңес Одағы Армиясынан – 14 427 адам, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен (КГБ) – 576 офицер, Ішкі істер министрлігінен – 28 адам. Барлығы – 15 051 адам. Жараланған, контузия алғандар – 54 мыңға жуық,

ауырғандар – 416 мың адам. Кеңес Одағының Ауған соғысынан көрген зияны осындай қасіретті болды.

Ал, өзге елдің мүддесін қорғаған Ауғанстандағы шектеулі контингент әскерлері құрамында Қазақстаннан 22 269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған жігіт елге мүгедек болып оралды.

Қорыта айтқанда, әскерлерінің соғысқа қатысуы – кеңестік үкіметтің үлкен қателігі. Он жыл бойы көп күш пен қаражатты келешегі жоқ соғысқа жұмылдырды. Осы соғыстың ел экономикасы мен адамзат баласына әкелген ауыр қасіретінен әлем елдері сабақ алса дейміз. Жалпы алғанда, Ауған соғысы тарихтағы ең жантүршігерлік беттердің бірі болып қала береді. Бірақ осы соғыстың саяси, әскери тәжірибесін барынша ескерген жөн. Бұл еліміздің қауіпсіздігі мен бейбіт өмір сүруді қамтамасыз етудің қазіргі және келешектегі міндеттерін ақылмен шешу үшін лайықты дәріс болады.

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан аумағынан әкетілуі – шын мәнінде тарихи оқиға. Соғыс ауған халқы мен кеңес әскерлеріне көп рухани жарақат әкелді.

Кеңес Одағы әскерін шығарғаннан кейін Ауғанстандағы Нәжибулла режимі тағы үш жылдай тұрды. 1991 жылы оның қолдаушысы КСРО ыдырап, жеке-жеке мемлекеттерге бөлініп кетті. Экономикасы тұралаған Ресей оған ешқандай көмек бере алмады. Сөйтіп, 1992 жылы сәуірде можахедтердің дала командирлері коалициясы Нәжибулла билігін төңкеріп тастады.

Рима ӘБЕУОВА

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Ауған соғысы **10** жыл, **110** айға созылды
- КСРО құрамында Отан алдындағы міндетті арқалаған **22 000** қазақстандық толарсақтан қан кешіп, Ауған жерінде **2238** күнге созылған соғыс қимылына қатысты.
- **22 000** адамның **924-і** опат болып, **1015** жауынгер мүгедек болып қалды және **21** адам хабарсыз жоғалып кетті.
- **200 153** батыр мемлекеттік марапатқа ұсынылды. Олардың **10 955-і** соғыс даласында опат болды.
- Ерлігі үшін **2 265** қазақ марапатталған.
- Елге аман оралған **18 мың** сарбаздың **3 мыңы** – мүгедек.
- Кеңес әскерлері шығарылғаннан кейін де Ауғанстанда азамат соғысы жалғаса берді. Ұзаққа созылған соғыс елді әлсіретіп, халықты күйзеліске ұшыратты.
- 1997-98 жылдары Қазақстан Республикасының үкіметі Ауғанстандағы қазақтарды көшіріп әкелді.
- Республика бойынша Ауған соғысы ардагерлерінің отыздан астам ұйымы бар.
- 2005 жылдың шілдесінде Ауғанстан соғысы ардагерлері өз құрылтайларын өткізген болатын. Бұл жиынға Қазақстанның 14 облысынан 19 ауғандық ұйым өкілі қатысты. Осы құрылтайда «Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының қауымдастығы» құрылып, барлық ауғандық ұйымдар қауымдастыққа бірігуі керек деп бірауыздан келісімге келген болатын. Қазіргі кезде республика бойынша 30-дан астам ұйым осы қауымдастыққа кіреді.



ЕЛ БІЛЕТІН ЕРТАЕВ

**КӨКЕЙДЕН КЕТПЕЙ ЖҮРГЕН КЕЗДЕСУ
ЕДІ. ОҚЫРМАНҒА ЖЕТКІЗУДІҢ РЕТІ БҮГІН
КЕЛГЕН СИЯҚТЫ. ЖУАЛЫ АУДАНДЫҚ
АҚСАҚАЛДАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
ҚҰРМАШЕВ КӘРІБАЙДЫҢ ҮЙІНДЕГІ
ДОСТАР ӘНГІМЕСІНІҢ КӨРІГІН ҚЫЗДЫРҒАН
АЗАМАТТЫҢ БІРІ ЖУАЛЫДАҒЫ ОРТАЛЫҚ
БАЗАРДЫҢ БАСТЫҒЫ МҰСАТАЙ АББАСОВ
АҒАМЫЗ БОЛАТЫН. ӨЗІ ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢҒА
ДА, ДАНА СӨЗДЕРГЕ ДЕ БІРТАБАН ЖАҚЫН
ЖАН ЕКЕН. СӨЗІН МӘНЕРЛЕП, НАҚЫШЫНА
КЕЛТІРІП АЙТАДЫ. ЖАС КЕЗІНДЕ ТОЙ
БАСҚАРЫП, ЖІГІТТІК СЕРІЛІГІМЕН
ТАНЫЛҒАН КӨРІНЕДІ. ӘНГІМЕНІҢ МАЙЫН
ТАМЫЗЫП, ШОҒЫН ҚЫЗДЫРУҒА ДА
ШЕБЕР-АҚ. ҚАТАР ӨСКЕНІМЕН, ДАСТАРХАН
БАСЫНА ЖИНАЛҒАНДАРДЫҢ ІШІНДЕ ЖАС
ШАМАСЫНЫҢ ҮЛКЕНДІГІ БАР. ОСЫҒАН
ОРАЙ МАҢАЙЫНДАҒЫЛАР ОҒАН ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТІП, МҰСЕКЕҢ БОЛСА ӨЗ ТАРАПЫНАН
ҮЛКЕНГЕ ТӘН ІЛТИПАТ ПЕН ДОСҚА ТӘН
ШЫНАЙЫ КӨҢІЛІН АҚТАРЫП ОТЫР.**

– Абайды да Абай еткен Мұхтар Әуезов. Ол – бәрін келтіріп, дәріптеп жаза білген дана адам. Қазақ тарихында ондай ұлы тұлғалар баршылық. Қай-қайсысын оқу, білу – біздің парызымыз. Ал, оларды келесі ұрпаққа жеткізу міндетіміз деп білемін. Әрине, әр заманның өз батыры, өз кемеңгері болады. Біздің Бақытжан да сондай ерекше құбылысты жандардың бірі. Ол

туралы жазып жатсаң, артық әсірелеудің, әсерлеудің қажеті жоқ. Барды жазып шықсаң болғаны. Соның өзі оның азаматтығын, қайсарлығын, батырлығын көрсетеді.

Қазақта «Қимылдаған қыр асады» деген сөз бар. Әр нәрсені дер кезінде бастап, соны халыққа жеткізе білу, мысалға мынау Бақытжанның құқылы азамат екенін, оның өз еңбегімен өскен азамат екенін,



оған қолұшын берген бір адамның болмағанын біз ғана білеміз. Жұрттар Президент берді, ол Халық қаһарманы бола қалды деп ойлайтын болар. Оның ар жағында қандай тарих тұрғанын көп адамдар біле бермейді. Ал шындыққа келсек, кішкентай ғана ауылдан шыққан оның өсіп-қалыптасуы, жүрген өмірі, жоқшылық көргені, жетімшілік көргені, өмірге талпынысы – бәрі-бәрі сонымен қатар өскен біздің көз алдымызда. Біз біреуден естіген жоқпыз, өз көзімізбен көргенбіз. Қажетіңізге жарап жатса, сол көрген оқиғамызды ғана айта аламыз. Басқасын айта алмаймын. Онымен басқа жерлерде бірге жүрген жоқпыз, - деп келіп Мұсакең Бәкең туралы әңгімесіне кірісті.

Ара-арасында әзіл-

қалжыңға да мойын бұрып, сөздері жарасып отырған жігіттерге риза болдық. Бізді тамсандырғаны сол, олар бір-бірін қайталамады. Тек толықтырып отырды. Әрқайсысының да сөзге шешендігі басым. Бір ойдан оған да іштей қуаныштымыз. Тамағын бір кенеп алып, Мұсакең сөзін жалғастырды.

– Өз көзімізбен көрген оқиғалар көңілімізде сайрап тұр. Ана жылы осы ауылдан шыққан Сейітбеков Лесбек деген академик ағамыз өмірден өтті. Тірісінде сол кісінің 70 жылдық тойына барғанымыз бар. Барар жолда «ағамыз сыртта жүріп, кандидат болды, біраз ғылыми жұмыстар істеді. Қалғаны өз бетімен жалғасып кете берді ғой» деген ойлар болды.

Біз ауылдамыз, ол кісі



сыртта дегендей, ағамыздың қызметте екенін білеміз де, не жасап жүргенін білмейтінбіз. Қандай еңбек жасап жүргенін, еліміздің ғылыми саласын дамытып-өркендетуге сіңірген орасан еңбектерін сол жолы елден естідік, халықтан естідік. Жұрттың оған жасаған құрметін көріп бұл кісінің қалай еліне елеулі азамат болғанын көріп қайттық. Сол сияқты Бақытжан да сыртта жүрген азамат. Білетініміз, ол – қазақты былай қойғанда, ауғанның нұры түскен біртума азамат. Ал, ол бедел бостан босқа келе қойған жоқ.

Мысалы, мен білетін кезде оған қолұшын беріп көмектесетін, маңдайынан сипай қоятын ешкім болған жоқ. Бірақ, бала кезден өзінің қайсарлығы, қайтпастығы бар еді. Намысқой болатын, бірақ пиғылы өте түзу еді.

Өмірі есімнен кетпейтін бір ерекшелігі бар. Ол кезде баламыз ғой. Ол 9, біз 10 оқимыз. Интернатта жатамыз. Бірде өзінен үлкендеу біреумен шекісіп қалды да, Бақыт (Бақытжан Ертаевты жақын достары осылай атайды) таяқ жеп

қалды. Жаңағы үлкен жігіттен жасқанып оның қасына ешкім бармай қалды. Мен бардым. Өзімше жұбатып «Бұл жолы жеңілсең, келесі жолы жеңерсің» деп қанаттандырып тұрмын. Сонда Бақыттың «Осы аспандағы жұлдыздарға қарап ант етейікші, өмір бойы дос болып өтейікші» деп айтқаны бар.

Мұны еске алып тұрғаным, Бақыттың сөзге, уәдеге беріктігін айтқым келіп тұр. Ол сол бала күнгі сөзінде тұрды. Екеуіміздің жолымыз бір-біріне қиылыспайтын екі бөлек адамбыз ғой. Менің базар бастығы болуыма оның немесе оның генерал болуына менің еш пайдамыз тимеген адамдармыз. Тек өмір бойы бір-бірімізді сыйлап, ақ ниетте келеміз. Бірақ, оның жаңағы сөзді өмір бойы жүрегінде ұстап келе жатқанына бірнеше мәрте көз жеткіздім. Кейде осыны ұмытып кетіп жатсам, еске салып қояды. Біз бір-бірімізге ештеңе беріп көрген адам емеспіз, тек ақ тілеуде ғана достық сезіммен келе жатырмыз. Оның жүрегі кең, өз сөзіне беріктігі, жолдасқа адалдығы өзгеден жоғары.



«Досыңызбен қазіргі кездегі араластығыңыз қалай?» деген сұрақ тіл ұшына оралды. Бірақ, үлкеннің сөзін бөлмей тыңдап отырмыз. Қойылмаған сұрақтарыма онсыз да жауаптар беріліп жатыр. Біреулер үшін генералдың қызметінің билігі керек, ал енді біреулер үшін базар бастығының қолындағы байлығы керек. Бірақ, бұл екі азамат Мұсекең айтқандай, мүдделі болып көрген емес. Тек қашан болса да, бір-біріне деген құрметтері тасып, құшақтары ашылып тұрады. Бұл достықтың биік шегі болса керек.

– Ұзақ жылдар сыртта жүріп, ол бірінші рет туған жерге генерал-майор Бақытжан Ертаев болып



келді. Сонда облыстың әкімі Өмірбек Байгелді ағамыз бастап бүкіл ел болып қарсы алдық. Іс-шараға Еркінбек Солтыбаев деген әкіміміз бастап ауданның күллі халқы атсалысты.

Қарсы алғанда мен асаба болып, үлкен тойды басқардым. Әкімдер мені жек көреді, оны білем. Бірақ, маған бәрібір, сәті келгенде қалжыңға сүйеп, түйреп-түйреп алам. Өйткені, басқалар басқарса, мен сияқты сөйлей алмауы мүмкін. Сонымен, басқарып жатырмын. Сыртта жүрген кешегі Бақытжан досымыздың генерал-майор Ертаев болып келгеніне қуанып жатқанымызды айтып жатырмын. Арада 20 жылдан артық уақыт өтіп кеткен.

Бір кезде ол үстелден тұрып келіп, менің құлағым: «Түр-түсің өте таныс, бірақ, кім екеніңді есіме түсіре алмай тұрмын» деп сыбырайды.

Мен «баяғыда жұлдыздарға қарап тұрып, өмір бойы дос болып өтейікші дегенің есіңде ме» деймін ғой баяғы. Сөйтсем, ол әдейі жасап тұр екен. Бас салып құшағына алсын мені.



Елдің бәрі аң-таң екеуімізге қарап қалыпты.

Бәкеңнің, міне, осындай қарапайымдылықтары бар.

– Жастарында айырмашылық болса да, Мұсекең мен Бакеңнің достығы керемет еді, - деп сөзге шаңырақ иесі Кәрібай араласты. – Міне, осындай достықтың арқасында ауылымыздың қаншама азаматтары бір-біріне туған бауырдай болып

кетті. Қазір тіпті, кейбірі қыз беріп, келін түсіріп, құда болып жүр.

